

№4 қамқоршылық кеңестің хаттамасы
«Балбөбек» бөбекжай» КМҚК Шет ауданы Ақадыр кенті

Күн тәртібі:

Өткізілген: 02 наурыз 2026 жыл

Қатысқан ата – ана саны – 19

Тақырыбы: Балабақша аумағын көркейту және абаттандыру жұмыстары

1. Балабақшадағы түзете-дамыту жұмыстарының барысымен таныстыру.
2. Балабақша аумағын көркейту, абаттандыру жұмыстарын жалғастыру.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері мен педагог-психолог тәрбиеленушілермен жүргізіліп жатқан түзете-дамыту жұмыстарының барысы туралы ақпарат берді. Түзете-дамыту жұмыстары балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылатыны, сөйлеу тілін дамыту, танымдық қабілеттерін жетілдіру, ұсақ және жалпы моториканы дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілетіні айтылды.

Арнайы мамандардың (логопед, психолог, арнайы педагог) қатысуымен жеке және топтық сабақтар өткізіліп, балалардың даму деңгейіне тұрақты мониторинг жасалатыны атап өтілді.

Талқыланды:

Қамқоршылық кеңес мүшелері түзете-дамыту жұмыстарының сапалы ұйымдастырылып отырғанын атап өтіп, балалардың дамуындағы оң нәтижелерді қолдау қажеттігін айтты.

Шешім қабылданды:

1. Балабақшадағы түзете-дамыту жұмыстарының барысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілетін жұмыстар жалғастырылсын.
3. Ата-аналармен өзара байланыс пен кеңес беру жұмыстарын күшейту ұсынылсын.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды

Балабақша меңгерушісі мекеме аумағын көркейту және абаттандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Аумақты көгалдандыру, гүлзарларды күтіп-баптау, балалар ойын алаңдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және санитарлық тазалықты сақтау бағытында жұмыстар жүргізіліп жатқаны айтылды.

Сонымен қатар ата-аналар қауымдастығының қолдауымен сенбіліктер ұйымдастырылып, балабақша аумағын эстетикалық тұрғыдан жақсарту шаралары қолға алынғаны хабарланды.

Талқыланды:

Қамқоршылық кеңес мүшелері аумақты абаттандыру жұмыстарының балалар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастырудағы маңызын атап өтті.


Шешім қабылданды:

1. Балабақша аумағын көркейту және абаттандыру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Аумақтың тазалығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар тұрақты бақылауда ұсталсын.
3. Көгалдандыру және гүл отырғызу жұмыстарына ата-аналар қауымдастығын тарту жалғастырылсын.
4. Балалар ойын алаңдарының техникалық жағдайына мерзімді тексеру жүргізілсін.

«Балбөбек» бөбекжай» КМҚК

Меңгерушісі

Хатшы:



Қ.Д.Бактыбаева
А.И.Бейсенова